

**«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ПАССАЖИРСКОГО
ТРАНСПОРТА И
АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ»**

160000, Шымкент қаласы, Nursultan Nazarbaev даңғылы, 10
Тел./факс: 8 (7252) 24-74-41, ММ коды 4853504;
БСК ККМФКЗ2А, БСН 130940007729;

160000, г. Шымкент, пр. Nursultan Nazarbaev, 10
Тел./факс: 8 (7252) 24-74-41, коды ГУ 4853504;
БИК ККМФКЗ2А, БИН 130940007729;

№ _____

Arasha.kz

Байланыс номері:

+7 (747) 8446070

20.05.2025 жылғы мақалаға:

«Arasha» электронды сайтында **«ЖОЛҒА БӨЛІНГЕН МИЛЛИАРДТАР, АЛ СЕНІМ — НӨЛ: ШЫМКЕНТТЕ ТЕНДЕР ҚАЛАЙ ӨТІП ЖАТЫР?»** атты мақалада Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен басқарма басшысы Р. Ибрагимовтың аты аталып, мемлекеттік сатып алуға қатысты шындыққа жанаспайтын ақпарат таратылған.

Мақала мазмұны нақты дереккөздерге сүйенбеген, бейтараптық принциптерін бұзып, біржақты пікірге негізделген.

Аталған мақалада басқармаға тендерлердің ұйымдастырушысы ретінде негізсіз айып тағылған. Алайда, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу функциясы құзыретіне кірмейді. Бұл басқарманың функционалдық міндеттерімен реттелмеген және бұл туралы ресми нормативтік актілер мен ашық дереккөздерде нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 маусымдағы «Масс-медиа туралы» Заңының 38-бабы 1-тармағына сәйкес «Азамат немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралдарынан осы бұқаралық ақпарат құралында таратылған, шындыққа сай келмейтін және оның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы» екендігін ескертеміз.

Азамат немесе заңды тұлға теріске шығаруға жүгінген жағдайда бұқаралық ақпарат құралында таратылған мәліметтердің шындыққа сай келетіні жөнінде дәлелдемелері болмаған осы бұқаралық ақпарат құралының редакциясы оларды нақ сол бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруға міндетті.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 маусымдағы «Масс-медиа туралы» Заңының 38-бабы 2-тармағына сәйкес Теріске шығару туралы талап шындыққа сай келмейтін мәліметтер осы бұқаралық ақпарат құралында

олардың таратылған уақыты мен тәсілін көрсете отырып, жазбаша ресімдеуді және «Теріске шығару» тақырыбымен орналастырылуға тиіс екендігіңізді хабарлаймыз.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, аталған мақаланы шындыққа сай келмеуіне байланысты заң талаптарымен бекітілген мерзімде жоюды талап етеміз.

Басқарма басшысы

Р. Ибрагимов

 Орындаушы

А. Жаңабаев

 + 7 7252 24-75-17

Подписано

28.05.2025 17:37 Ибрагимов Ролан Бекмагамбетович

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 32-04-14/1293 от 28.05.2025 г.
Организация/отправитель	УПРАВЛЕНИЕ ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Шымкент" Подписано: ИБРАГИМОВ РОЛАН MIR2wYJ...dA5krydNI Время подписи: 28.05.2025 17:37
	 Государственное учреждение "Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Шымкент" ЭЦП канцелярии: ЖУМАҚАНОВА ӘМИНА MIR/QYJ...Clzp6lg== Время подписи: 28.05.2025 17:41



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.